

"Марокко Корольдігінде Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 311 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Марокко Корольдігінде Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан
Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Марокко Корольдігінде Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Рабат қаласында (Марокко Корольдігі) Қазақстан Республикасының Елшілігі
ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті
шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев